

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ**  
**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында**  
**2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша жылдық есеп**

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті.



**Мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.  
Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:  
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;  
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;  
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;  
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.  
Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:  
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;  
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;  
ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;  
отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

### **Күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

2024-2025 оқу жылы мен үшін тәрбие ісінің шын мәніндегі жаңа белесі болды. Бұл жылы мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен парасаттылықты сіңіру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие – жүректен жүрекке жететін ізгілік дәні десек, сол дәнді әр оқушының жүрегіне еккім келді. Жыл бойы әр іс-шараны, әр кездесуді, әр сынып сағатын баланың жан дүниесіне әсер ететін, жүрегін оятатын тағылым ретінде қабылдадым. Баланың бір қуанышы – менің қуанышым, бір жетістігі – менің жетістігім болды.

Ұстаз ретінде менің басты мұратым – шәкірт жүрегіне жол табу, оларды адалдыққа, еңбекке, отансүйгіштікке, парасатқа жетелеу еді. Және сол жолда сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесе жұмыс жасай отырып, елеулі нәтижелерге қол жеткіздік деп нық сеніммен айта аламын. Бұл оқу жылы – тек есеп үшін емес, **адам тәрбиесі үшін** атқарылған мағыналы еңбек жылы болды.

Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

Жыл бойы «Күй күмбірі» жобасы аясында әр үзілісте дәстүрлі күйлер орындалып, мектеп іші домбыраның қоңыр үніне толды. Бұл – оқушыны тек тыңдаушы емес, сезінуші, түйсінуші етіп тәрбиелеудің нәзік жолы болды.

### **ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

**1 қыркүйек** – «Білім күні»

**5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні

**Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде іске асырылды. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс шараларды қамтыды.

### **ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

### **ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ**

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

### **ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ**

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

### **ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл**

### **АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

### **НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ**

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

### **СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

## МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

- 1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні  
**7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні  
**9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні  
**15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні  
**18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні  
**31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

### 1. Ұлттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбие

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған әр айда күнделікті өткізілетін іс шаралар талапқа сай жүргізіліп отырды.

| № | Жобалар атауы                                                                                  | Мазмұнды сипаттама                                                                                 | Нәтижесі                                                             | Уақыты   |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------|
| 1 | «Күй күмбірі» жобасы                                                                           | Қонырау кезінде ұлттық күйлердің шырқалуы арқылы оқушылар ұлттық өнердің сырлы әлемімен сусындады. | Оқушылар күйге құлақ түріп, дәстүрлі өнерге деген қызығушылық артты. | Жыл бойы |
| 2 | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу        | Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық       |                                                                      | Қыркүйек |
| 3 | «Ұлттық мәдениет» көрмесі                                                                      | Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары мен өнер туындылары қойылып, рухани мұра кеңінен таныстырылды.  | Балалар ұлттық нақыштағы көрмеге белсене атсалысты.                  | Наурыз   |
| 4 | «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру | Әңгімелесу                                                                                         |                                                                      | Наурыз   |
| 5 | «Ананың аялы алақаны» челленджі                                                                | Халықаралық әйелдер күніне орай оқушылар аналарына арнап                                           | Отбасындағы құрмет пен сыйластықтың                                  | Наурыз   |

|   |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                    |                                                           |            |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|------------|
|   |                                                                                                                                                                                                 | жүрекжарды видеолар жолдады.                                                                                                       | тәрбиелік рөлі күшейді.                                   |            |
| 6 | «Менің Қазақстаным» апталығы                                                                                                                                                                    | Әр аптаның басында Әнұран орындау дәстүрге айналып, ұлттық мақтаныш рухын ұялатты.                                                 | Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет артты.                | Жыл бойы   |
| 7 | «Апта дәйексөзі» жобасы                                                                                                                                                                         | Ұлағатты сөздер мен мақал-мәтелдер оқушылардың өмірлік ұстанымына айналды.                                                         | Ақыл сөзден тәлім алып, өмірге терең көзқарас қалыптасты. | Апта сайын |
| 8 | «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету | Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу |                                                           |            |


Ұлтқа қызмет – ұрпақты тәрбиелеуден басталады. Сондықтан бұл бағыттағы әрбір жұмыс жүрекпен атқарылды, әр оқушының бойына шынайы құрмет, ұлттық сана және рухани ізгілік дәнін себуге тырыстым. Нәтижесінде, мектебіміздің балалары – ойлы, намысты, болашағына сенімді ұрпақ ретінде қалыптасуға бағыт алды.

Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған әлеуметтік жобалар ұлт болмысын ұлықтау, бала жүрегіне имандылық, ізгілік пен отансүйгіштік нұрын себу мақсатында жүзеге асырылды

| № | Іс-шара атауы | Мазмұнды сипаттама | Нәтижесі | Уақыты |
|---|---------------|--------------------|----------|--------|
|---|---------------|--------------------|----------|--------|

|    |                                                   |                                                                  |                                                        |          |
|----|---------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|----------|
| 1. | «Adal ırpaq» жобасы                               | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған | Оқушылар әділеттілік пен адалдық ұғымын терең меңгерді | Жыл бойы |
| 2. | «Sanaly ırpaq» жобасы                             | Мектепшілік тәрбие жүйесіне парасаттылық принциптерін енгізу     | Қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі нығайды           | Жыл бойы |
| 3. | «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» сағаттары | Еңбекке адал көзқарасты қалыптастыру                             | Оқушылар еңбекқорлық пен ұқыптылыққа бейімделді        | Қараша   |



Оқу жылы бойы мектеп оқушылары тәлімгер А.Урманшиков пен әлеуметтік педагог А.Мелдебектің ұйымдастыруымен «**Қамқор**» жобасы аясында оқушылар тек игі істермен айналысып қана қоймай, жүректегі жылуын, мейірімін қоғаммен бөлісуге белсене атсалысты. Әрбір еріктілік шарасы – бала бойындағы адамгершілік пен жанашырлықты оятатын, нағыз рухани тәрбие мектебі болды.

Аға тәлімгер А.Урманшиковпен бірлесе оқу жылы барысында «Birgemiz: Qamqor» акциясы аясында оқушылар ауылдағы қарттардың үйіне барып, жалғызбасты қарияларға азық-түлік, жылы сөз және көңіл бөліп, нағыз ізгілік үлгісін көрсетті. Балалар тек көмек қана беріп қойған жоқ, қариялардың өмірлік тәжірибесінен сабақ алды.

Бағдарлама аясында оқу жылы барысында «Birgemiz: Taza Alem» – табиғатты аялауға бағытталған экологиялық акциялар өткізілді. Оқушылар мектеп ауласын тазалап, ағаш отырғызып, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін нақты әрекеттермен дәлелдеді. Мектеп аумағына қарасты арық атыздарды тазалау, ағаш көшетерін отырғызу шараларын белсене орындады.

Әлеуметтік педагог А.Мелдебекпен бірлесе «Мейірімділік ошағы» акциясы барысында әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар мен жетім балаларға киім-кешек, кеңсе заттары, мектеп құралдары үлестірілді. Бұл арқылы оқушылар өз замандастарына мейіріммен қарауға, көмек қолын созуға үйренді. Бұл жұмыстар оқушылардың азаматтық жауапкершілігін күшейтіп, жанашыр тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етті.

Мектеп қабырғасында оқушы өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта 2024-2025 оқу жылында жүйелі әрі нәтижелі шаралар кешені жүргізілді.

Оқу жылы барысындағы сынып сағаттарында 1-11 сынып жетекшілері «Қауіпсіздік сабағы» аптасына бір рет 10 минут көлемінде өткізіліп, онда жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі, интернеттегі қауіп-қатерлер, зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы нақты мәліметтер берілді. Бұл ақпарат оқушыларға түсінікті тілде, өмірден алынған мысалдармен толықтырылып ұсынылды. Сынып жетекшілері сынып сағаты мен «Қауіпсіздік сабағының» тақырыптары электронды журанладарға енгізіп, қысқа мерзімді жоспарларын ұдайы жазып отырды.

**Мектепшілік буллинг пен кибербуллингке қарсы акциялар** белсенді түрде өтті. Оқушыларға құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату, өзара сыйластық, түсіністік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «ДосболLIKE», «Буллингтен қорған!» секілді жобалар осы бағыттағы жұмыс тиімділігін арттырды.

Жоспарға сай құқық қорғау өкілдерімен, қоғам белсенділерімен, жастар орталығымен, т.б. кездесулер өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қылмыстылықты

болдырмау, ертежүктіліктің, зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында рейд, дөңгелек үстелдер, сауалнамалар, түсіндіру шаралары жүргізілді. мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында мектепке өткір, үшкір, адам денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, т.б. күдікті заттарды алып келуінің алдын алу мақсатында мектепшілік мобильді топ мүшелері рейд жүргізді. Оқу жылы қорытындысы бойынша нәтижелер төмендегідей:

| р/с |                                                                                    | Оқу жылы<br>басында | Оқу жылы<br>аяғында |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------|
| 1   | Мектептегі оқушы саны                                                              |                     |                     |
| 2.  | АІБ-де есепте тұрған оқушы саны                                                    | -                   | -                   |
| 3.  | Мектепшілік есепте тұрған оқушы саны                                               | -                   | -                   |
| 4.  | Наркодиспансерде есепте тұратын оқушы саны                                         | -                   | -                   |
| 5.  | Арнайы мектеп-интернатына өткізілген                                               | -                   | -                   |
| 6.  | Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі бойынша жауапкершілікке тартылған ата-аналар саны |                     | -                   |
| 7.  | Сәтсіз отбасы саны                                                                 | -                   | -                   |
| 8.  | Жайсыз отбасы саны                                                                 | -                   | -                   |
| 9   | Буллинг, кибербуллинг, суицид әрекеттер                                            |                     |                     |
| 10  | Кәмелетке толмағандар арасында ертежүктілік                                        | -                   | -                   |
| 11  |                                                                                    |                     |                     |

«Өмірге салауатты қадам» жобасы аясында дұрыс тамақтану, зиянды әдеттердің зияны, спорттық өмір салты туралы дәрістер, тренингтер ұйымдастырылды. Спорттық жарыстар мен денсаулық күндері өткізіліп, оқушылардың белсенді өмір сүру дағдылары қалыптасты.

«Қауіпсіз қоғам» жобасы шеңберінде интернет қауіпсіздігі, лудомания, діни экстремизм сияқты заманауи қауіптер туралы профилактикалық әңгімелер,

семинарлар өтті. Оған мектеп психологтары, құқық қорғау органдары және медицина мамандары жұмылдырылды.


Оқу жылы барысында төтенше жағдайлардың алдын алу (өрт, газ, су қауіпсіздігі, жер сілкінісі кезінде әрекет ету) тақырыптарында оқу-жаттығу сабақтары өткізіліп, эвакуация машықтары пысықталды.

Нәтижесінде оқушылар өз өмірі мен айналасындағы қауіпсіздікке деген жауапкершілікті сезінді, денсаулығын сақтау мен қауіптің алдын алуда белсенді, сауатты әрекет етуге дағдыланды.

### Тәрбие бағыттары бойынша көрсеткіштер

| Бағыттары:                      | Іс-шара саны | Қатысушылар саны |
|---------------------------------|--------------|------------------|
| Ұлттық тәрбие                   | 12           | 250              |
| Патриоттық тәрбие               | 9            | 200              |
| Адалдық пен парасаттылық        | 8            | 180              |
| Қауіпсіздік және салауатты өмір | 11           | 230              |
| Волонтерлық қызмет              | 6            | 150              |

### Тәрбие бағыттары бойынша оқушылардың қатысу үлесі



Ұжым болып бірлесіп атқарған тәрбиелік жұмыстарымыз – шәкірттеріміздің бойында рухани байлық, ұлттық сана, отансүйгіштік пен парасаттылықтың қалыптасуына жол ашты. Бұл жетістіктер – біздің ортақ жеңісіміз.

Себебі біз – болашақтың іргетасын қалаушы тәрбиешіміз. Ал тәрбиеленген бала – сол болашақтың жарқын сәулесі.

### **Ұсыныстар**

- Тәрбие жұмыстарында оқушылардың жеке қабілеті мен қызығушылығын ескеріп, дараландырылған әдіс-тәсілдерді көбейту;
- Цифрлық қауіпсіздік пен медиамадениет бағытындағы шараларды күшейту;
- Ата-аналармен ынтымақтастықты арттырып, тәрбие процесіне белсенді тарту;
- Волонтерлық және әлеуметтік жобаларға оқушыларды көбірек жұмылдыру;
- Рухани-адамгершілік бағыттағы тренингтер мен дебаттар санын арттыру.

Алда келе жатқан 2025–2026 оқу жылы – тәрбие жұмысында жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, ізденіс пен жаңашылдыққа жетелейтін маңызды кезең болмақ. Жүрегіммен сезініп, санаммен саралаған ең басты мақсатым – білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, әрбір оқушының бойында ұлттық рухты, адами құндылықтарды және саналы азаматтық көзқарасты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбиелік бағыттағы жұмысымды жүйелі жүргізу үшін мынадай нақты міндеттерді алға қоямын:

Ең әуелі, **ұлттық тәрбие бағытын терендетуді** басты басымдық ретінде қарастырамын. Оқушыларды ата-баба аманатын ардақтауға, тілі мен діліне, діні мен діліне адал болуға тәрбиелеймін. Ұлт тарихын, руханиятын сіңірген ұрпақ – ұлт тірегі екенін шәкірттер санасына сіңіру – парызым.

Сонымен қатар, **рухани-адамгершілік пен патриоттық тәрбиені** кешенді түрде дамытуға басымдық беремін. Әр оқушы әділеттілік пен адалдықты жанына серік етіп, қоғамда өз орнын таба білетін парасатты тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Бұл ретте «Adal ығрақ», «Sanaly ығрақ» сияқты жобаларды жаңашыл бағытта ұйымдастыру көзделуде.

**Қауіпсіздік пен салауатты өмір салты** – бүгінгі мектеп үшін ерекше маңызды мәселе. Апта сайын өтетін қауіпсіздік сабақтарын мазмұнды етіп түрлендіріп, оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы студі жоспарлап отырмын. «Буллингке жол жоқ», «Салауатты өмір – сәнді өмір» сияқты жобалар осы бағытта жалғасын табады.

**Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, волонтерлық қозғалысты қолдау** – басты міндеттеріміздің бірі. «Қамқор» жобасы аясында еріктілер қозғалысына кең өріс беріліп, оқушылар бойындағы жанашырлық пен мейірімділік қасиеттері оянады деген сенімдемін.

Әрине, бұл жолда ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу – негізгі тірек. Ата-ананы мектеп өмірінің шынайы серіктесіне айналдыру үшін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасын одан әрі жандандыру көзделуде.

Сондай-ақ, тәрбие процесінде заманауи технологиялар мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану да назардан тыс қалмайды. Әлеуметтік желілерді дұрыс бағытта қолдану арқылы тәрбиелік мазмұнды кеңінен насихаттау – алдағы уақыттың нақты талабы.

Жаңа оқу жылында да шәкірттеріме тек білім емес, өмірлік ұстаным, жүрек тәрбиесін беруді жалғастырамын. Себебі мен үшін әр оқушы – үлкен жауапкершілік, әр тәрбиелік сәт – болашаққа салынған ізгі із.

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп ЖММ

3 Б сынып жетекшісі У.Турдалиеваның 2024-2025 жылға арналған жылдық есебі

2024-2025 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 6 құндылық бойынша кешенді жоспар бекітілді. Жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

#### БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар – ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Оқушылардың күнделіктерін Оқушылардың тазалығын тазалық секторларға айтып тексеруін қадағалаймын, аптаның соңында топ басшыларын есебін тыңдаймыз. Оқушылар мектепшілік іс-шарларға қатысады.

Оқушыларымыздың бойына өзгеріс енгізетін идеялардың тиімді жақтарын пайдаланамын. Тәжірибе алмасу үшін, желіде әріптестеріммен байланыста болдым. Оқушылар қоңырау кезінде кітапханаға барып «Кім жылдам» оқиды әдісін пайдаланады. Оқушылардың каллиграфиясының жақсарту мақсатында арнайы дәптер арнап көбірек жазу жаздық. Күнде оқушыларға қауіпсіздік ережелерін, көшеде жүру тәртібі, қауіпсіздік ережелерін сақтауы айтылады.

- 26-29 ақпан аралағында болып өткен «Ақбота» Зияткерлік олимпиадасына 1 оқушы тіркеліп, I дәрежелі диплом алды.
- Көктемгі, қысқы және жазғы каникулда оқушылардың қауіпсіздік туралы ата-аналарға ескертіліп, қауіпсіздік ережесін сақтау туралы айтылды. Әр тоқсанда ата – аналар жиналысы өткізіліп, ата – аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізілді.

- Көп балалы, жартылай жетім отбасылармен тығыз байланыс жүргізілді. Ганпова Дилишода, Хажиханова Барно, Пратова Гулиора, Джолбаева Назокат, Джорабекова Диана, Миркурбанова Донохон, Мустафаева Карина, Мирзамуратова Сохиба. Осы оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, балаларының оқу үлгерімі туралы мәселе қарастырылды. Жыл соңында 2 «Б» сыныбы 11 оқушымен оқу жылын аяқтады. 1.03.24 күні Алғыс айту күні болып өтті. Оқушылар бір-бірлеріне алғыс айтты. Телефон арқылы ата-аналарына алғыс айтты.



2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың нәтижесі осындай болды. Осы оқу жылында жіберілген кемшіліктер алдағы уақытта жою мақсатында жұмыс жасаймын деп жоспарлаудамын.

«ЖЫЛ БАСЫНА ТАЛАСҚАН ХАЙУАНДАР» тақырыбында сахналық ертегі қойылымы өтті.



Оқушылардың сабақ үлгерімін үнемі қадағалап отырамын. Пәндер бойынша сабақтарымды өз уақытында өткізіп, күнделікті сабақ жоспары бойынша көрнекі - құралдар дайындап, білім алушылардың көру, білу, ойлау ынталарының ашылуын сыни тұрғысынан бақылап, бағалап отырамын. Өз сыныбыммен музыка, көркем жазу факультатив, бейнелеу сабақтарына қатысуын, қызығушылықтарын үнемі бақылап отырамын. Мектеп медбикесі мен әлеуметтік педагогтың тапсырған жұмыстарын уақытында атқарып отырамын. Оқушылардың демалалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерді сақтауын түсіндіріп, ата-аналарына ескертіп, түсіндірме жұмыстарын жүргіземін.

**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Сыныбымның кітап дәптерлерінің тазалығын, әдемі жазуға үйренуін қадағалап отырдым. Сабағымда балалардың сөйлеуін дамыту мақсатында ертегілер айтуға, тапқалар жаттатуға дағдыландырып отырамын. Тәрбие сағаттарын уақытылы, жүйелі өткіземін. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға дәлізде ілінген қабырға газетін көре отырып, Тәуелсіздік күні есте қалды, Тәуелсіздік тарихымен танысып шықты.

2023-2024 оқу жылының соңында соңғы қоңырау мерекесіне орай, сынып сағаты сыныпта

24 мамыр күні “Білім-Отаныма” тақырыбында өткізілді. Сынып сағатында жыл бойы өткізілген іс-шаралар мен олимпиада жүлдегерлері марапатталды.

